

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Түкиев А.С. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Абайділдинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,
Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Борчашвили И.Ш. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д.
(Астана, Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы

Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Абылайұлы А. – PhD (Астана,
Қазақстан)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Астана,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,
Ресей)
Досмырза Д.Д. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Елеусізова И.Қ. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Маммадов У.Ю. – з.ғ.к. (Қазан, Ресей)
Мұшанов Т.Е. (Астана, Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Свободный Ф.К. – з.ғ.к. (Барнаул,
Ресей)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Тілембаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)

Журнал редакциясы

Қолтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
Джамбуршин К.А.

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат
және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі
мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ.,
8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

МАЗМҰНЫ

Редакция бағанасы 8

Қазақстан Республикасы Әділет министрі М.Б. Бекетаевтың
tengrinews.kz берілген «Адвокаттық қызмет туралы» Заң не үшін
қажет? деген сұхбаты 11

«Жаршының» мұрағат беттері

М.А. СӨРСЕМБАЕВ Халықаралық шарттар құқығы
тұрғысындағы Қазақстанның халықаралық шарттар туралы заңы 15

А. АБЫЛАЙҰЛЫ З.ғ.д., профессор М.А. Сәрсембаевтың
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары саласындағы
заңнамасы туралы ғылыми жарияланымына қайта оралғанда 22

Конституциялық және әкімшілік құқық

Л. БРОКЕР Әкімшілік құқықтағы инквизициялық қағидат
(әкімшілік рәсім және әкімшілік процесс) 26

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

С.А. ӘКІМБЕКОВА Қазақстан Республикасындағы судьяның
құқықтық мәртебесі 35

Г.Е. ӘБДІРАСҰЛОВА Шарттық міндеттемелердің орындалу-
ын қамтамасыз ету туралы нормаларды қолданудың практикалық
мәселелері 44

Д.А. ЕШІМОВА, Р.А. НҮРПЕЙІСОВ Мемлекеттік-
жекешелік әріптестіктің тетігін өңірлік инфрақұрылымды дамыту
үшін пайдалану 52

А.П. АНИСИМОВ, Ж.Б. ИВАНОВА Пилотсыз әуе кемелерін
(квадрокоптерлерді) пайдаланудың құқықтық реттеуі: талқылау
мәселелері 64

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Сотқа дейінгі тергеудің басталу-
ына бас тартудың процестік нысаны туралы 71

С.М. РАХМЕТОВ, Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ Қазақстан
Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық
жауаптылықтан босату 76

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

С.Ж. АЙДАРБАЕВ, А.Б. БАЗЕНОВ Қазақстан
Республикасының Қызыл жарты ай ұлттық қоғамы: тарихы,
құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері мен проблемалары 82

Құқықтық мониторинг

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҮРЛЫБЕК Қазақстан
Республикасының қолданыстағы заңнамасын онлайн кредиттеу
мәселелерін реттеу бөлігінде талдау 95

Г.Б. ҚЫСЫҚОВА Салық заңнамасының кейбір проблемала-
ры 100

И.К. ЕЛЕУСІЗОВА Analysis of the regulatory framework
of electronic toll collection services: a case study of Croatia (Алым
төлеудің электрондық көрсетілетін қызметтер бойынша заңнама
базасын талдау: Хорватияны зерттеу мысалы) 111

Г.Б. ҚЫСЫҚОВА, Н.М. ӘКІМОВА Қазақстан
Республикасының Кәсіпкерлік кодексі құқықтық мониторингінің
кейбір мәселелері 118

Р.Б. БАЙЗАҚОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық
заңнамасын қылмысты жасыруды реттеу бөлігінде талдау 128

Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан

Б.А. ШОЛАН, А.Н. КАДИРОВА Қоғамның жаңғыруы және заңнама тілі.....133

Ж.М. ТҰРАРОВА, Т.С. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Заң терминдерін пайдаланудың кейбір мәселелері.....139

Жас ғалым мінбері

Р.К. ҚАНАТОВ Қазақстан Республикасының туынды қаржы құралдары нарығындағы фьючерлік шартты практикалық қолданудың проблемалық аспектілерін және оның перспективаларын талдау («Туынды қаржы құралдары нарығындағы фьючерстік шарттың проблемалары мен перспективалары» атты іргелі және ғылыми-қолданбалы зерттеудің талдау есебінің материалдары бойынша).....146

А. АРЫСТАН Үлестестіктің құқықтық санаты.....152

К.Қ. САБИРОВ Мүлікке құқық өткен субъектінің мүдделерін қорғау үшін оның адалдығының мағынасы.....163

Ғылыми өмір хроникасы

2017 жылғы 1-4 қазанда Грузияға қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама, Тбилиси қ.....172

«Ағылшын және еуропалық құқық қағидаттары мен ережелерін имплементациялау негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын жетілдіру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2017 жылғы 20 қазан.....175

«Қылмыстық құқық бұзушылық және сотқа дейінгі тергеп-тексеру: іс жүзіндегі құқықтық жаңашылдықтар және болашаққа көзқарас» атты вебинар туралы ақпараттық хабарлама, 2017 жылғы 25 қазан.....180

Қазақстан Республикасы Заңнама институтына берілген марапат туралы ақпараттық хабарлама, Алматы қ., 2017 жылғы 2 қараша.....182

ҚР Заңнама институты қызметкерлерінің Америка Құрама Штаттарына АҚШ Мемлекеттік департаменті ұйымдастыруымен өткен «International Visitor Leadership Program» бағдарламасы шеңберінде «Basic Principles of English Contract Law» атты 2017 жылғы 28 қазан – 8 қараша аралығындағы жұмыс сапары туралы ақпараттық хабарлама.....183

2017 жылғы 17 қарашада Астана қ. өткен «Заңнаманың тиімділігін арттыруда құқықтық зерттеулердің рөлі» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....186

2017 жылғы 21 мен 23 қарашада Мәскеу қ. бірлескен «Қазіргі ресей құқығы: ғылым, норма түзушілік және практиканың өзара әрекеттесуі» XIII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы және «Кутафин оқулары» XVII халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы туралы ақпараттық хабарлама.....189

Дара есім

Заң ғылымдарының докторы, профессор М.А. Сәрсембаев – 70 жаста.....191

Библиография

«Актуальные проблемы уголовного права». Часть Общая / з.ғ.д., проф. Л.В. Иногамова-Хегайдың ред. – М.: Проспект, 2017. – 224 б. оқылығына рецензия.....192

Даналық ойлар.....194



Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются
на сайте www.iz.adilet.gov.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Тукиев А.С. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан) – (председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Борчасвили И.Ш. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Шерубай Курманбайұлы – д.ф.н.
(Астана, Казахстан)

Состав Редакционной коллегии

Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан) – (председатель)
Абылайұлы А. – PhD (Астана, Казах-
стан)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный дея-
тель культуры РК (Астана, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Досмырза Д.Д. – к.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Елеусизова И.К. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Казнев З.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Маммадов У.Ю. – к.ю.н. (Казань,
Россия)
Мушанов Т.Е. (Астана, Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-
Каменогорск, Казахстан)
Свободный Ф.К. – к.пс.н. (Барнаул,
Россия)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Тлембаева Ж.У. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)

Редакция журнала

Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
Джамбурушин К.А.

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан
(№ и дата первичной постановки на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции 9

*Интервью Министра юстиции Республики Казахстан Бекетае-
ва М.Б. tengrinews.kz Зачем нужен Закон «Об адвокатской деятель-
ности?»..... 11*

Архивные страницы «Вестника»

М.А. САРСЕМБАЕВ Казахстанский закон о международных
договорах в свете права международных договоров..... 15
А. АБЫЛАЙҰЛЫ Возвращаясь к научной публикации д.ю.н.,
профессора М.А. Сарсембаева о законодательстве Республики Казах-
стан в области международных договоров..... 22

Конституционное и административное право

Л. БРОКЕР Инквизиционный принцип в административном
праве (административная процедура и административный процесс)..... 26

Гражданское и гражданско-процессуальное право

С.А. АКИМБЕКОВА Правовой статус судьи в Республике Ка-
захстан..... 35
Г.Э. АБДРАСУЛОВА Практические проблемы применения
норм об обеспечении исполнения договорных обязательств..... 44
Д.А. ЕШИМОВА, Р.А. НУРПЕЙСОВ Применение механизма
ГЧП для развития региональной инфраструктуры..... 52
А.П. АНИСИМОВ, Ж.Б. ИВАНОВА Правовое регулирование
использования беспилотных воздушных судов (квадрокоптеров):
дискуссионные вопросы..... 64

Уголовное право и уголовный процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН О процессуальной форме отказа к
началу досудебного расследования..... 71
С.М. РАХМЕТОВ, Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ Освобождение от
уголовной ответственности по уголовному законодательству Респу-
блики Казахстан..... 76

Международное право и сравнительное правоведение

С.Ж. АЙДАРБАЕВ, А.Б. БАЗЕНОВ Национальное общество
Красного полумесяца Республики Казахстан: история, особенности и
проблемы правового статуса..... 82

Правовой мониторинг

И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Анализ действующего
законодательства Республики Казахстан в части регулирования во-
просов онлайн кредитования..... 95
Г.Б. КЫСЫКОВА Некоторые проблемы налогового законода-
тельства..... 100
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Analysis of the regulatory framework of
electronic toll collection services: a case study of Croatia (Анализ зако-
нодательной базы по электронным услугам оплаты сборов: пример
исследования Хорватии)..... 111
Г.Б. КЫСЫКОВА, Н.М. АКИМОВА Некоторые вопросы пра-
вового мониторинга Предпринимательского кодекса Республики Ка-
захстан..... 118
Р.Б. БАЙЗАКОВА Анализ уголовного законодательства Респу-
блики Казахстан в части регулирования укрывательства..... 128

Из практики законодательства на государственном языке	
Б.А. ШОЛАН, А.Н. КАДИРОВА Модернизация общества и язык законодательства	133
Ж.М. ТУРАРОВА, Т.С. КУДАЙБЕРГЕНОВА Некоторые вопросы использования юридических терминов	139
Трибуна молодого ученого	
Р.К. КАНАТОВ Анализ проблемных аспектов практического применения и перспективы фьючерсного договора на рынке производных финансовых инструментов РК (по материалам аналитического отчета фундаментального и научно-прикладного исследования «Проблемы и перспективы фьючерсного договора на рынке производных финансовых инструментов»)	146
А. АРЫСТАН Правовая категория аффилированности	152
К.К. САБИРОВ Значение добросовестности субъекта для защиты его интересов при переходе прав на имущество	163
Хроника научной жизни	
Информационное сообщение о служебной поездке в Грузию 1-4 октября 2017 года, г. Тбилиси	172
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции на тему: «Совершенствование гражданского законодательства Республики Казахстан на основе имплементации принципов и положений английского и европейского права», г. Астана, 20 октября 2017 г.	177
Информационное сообщение о вебинаре на тему «Уголовное правонарушение и досудебное расследование: правовые новеллы в действии и взгляд в будущее», 25 октября 2017 года	180
Информационное сообщение о награде Института законодательства Республики Казахстан, г. Алматы, 2 ноября 2017 года	182
Информационное сообщение о рабочей поездке сотрудников Института законодательства РК в Соединенные Штаты Америки 28 октября – 8 ноября 2017 года в рамках программы «International Visitor Leadership Program» на тему «Basic Principles of English Contract Law», организованной Государственным департаментом США	184
Информационное сообщение о научно-практической конференции на тему: «Роль правовых исследований в повышении эффективности законодательства», г. Астана, 17 ноября 2017 года	186
Информационное сообщение о совместной XIII международной научно-практической конференции «Современное российское право: взаимодействие науки, нормотворчества и практики» и XVII международной научно-практической конференции «Кутафинские чтения», г. Москва, 21-23 ноября 2017 г.	189
Персоналии	
Доктору юридических наук, профессору Сарсембаеву М.А. – 70 лет	191
Библиография	
РЕЦЕНЗИЯ на учебник «Актуальные проблемы уголовного права». Часть Общая / Под ред. д.ю.н., проф. Л.В. Иногамовой-Хегай. – М.: Проспект, 2017. – 224 с.	192
Мудрые мысли	194



Owner and publisher:
SI «Legislation Institute
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894
from 05.30.2013)

Editorial Council members

Tukiyev A.S. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
– (Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Astana,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Borchashvili I.Sh. – d.j.s. (Astana, Ka-
zakhstan)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Malinovski V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s.
(Astana, Kazakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana,
Kazakhstan) – (Chairman)
Abylaiuly A. – PhD (Astana, Kazakhstan)
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiymbetov M.A. – Honored Worker of
Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakh-
stan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
sian)
Dosmyrza D.D. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Eleussizova I.K. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)
Mammadov U.Y. – c.j.s. (Kazan', Rus-
sian)
Mushanov T.E. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kame-
nogorsk, Kazakhstan)
Svobodniy F.K. – c.ps.s. (Barnaul, Rus-
sian)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
Kyrgyzstan)
Tlembaeyva Zh.U. – c.j.s. (Astana, Ka-
zakhstan)

The editorial staff

Koltubayeva G.B.
Yermek A.B.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
Dzhamburshin K.A.

*The certificate of registration of mass media
№11219-G from 15.11.2010 from
the Committee of Information and Archives
of the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)*

Address:

The Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Mangilik el pr., 8
tel.: 8 (7172) 74-02-06
fax: 8 (7172) 74-14-43
www.iz.adilet.gov.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

CONTENT

Editorial.....10

*Interview of the Minister of Justice of the Republic of Kazakhstan
Beketayev M.B. tengrinews.kz. Why do we need the Law «On advocacy»?.....11*

Archive «Bulletin» pages

M.A. SARSEMBAYEV Law of Kazakhstan on international
treaties in the light of the law of international treaties.....15
A. ABYLAJULY Back to the article of the Doctor of Law,
Professor M.A. Sarsembayev on the Legislation of the Republic of
Kazakhstan in the field of treaties.....22

Constitutional and Administrative Law

L. BROKER Inquisitional principle in administrative law
(administrative procedure and administrative process).....26

Civil and Civil Procedural Law

S.A. AKIMBEKOVA Legal status of the judge in the Republic of
Kazakhstan.....35
G.E. ABDASSULOVA Practical issues of application of
standards on enforcement of contractual obligations.....44
B.A. ESHIMOVA, R.A. NURPEISOV Application of PPP
mechanisms in the development of the regional infrastructure.....52
A.P. ANISIMOV, J.B. IVANOVA Legal regulation of the use of
an unmanned aircraft (quadcopters): discussion questions.....64

Criminal law and Criminal procedure

A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN About judicial form of refuse to
beginning of pre-trial investigation.....71
S.M. RAKHMETOV, F.R. AKHMEJANOV Exemption from
criminal liability on the grounds established by the criminal legislation
of the Republic of Kazakhstan.....76

International and Comparative law

S.Zh. AIDARBAYEV, A.B. BAZENOV National society of
the red crescent of the republic of Kazakhstan: history, features and
problems of legal status.....82

Legal monitoring

I.K. ELEUSSIZOVA, D.M. TURLYBEK Analysis of the actual
legislation of the Republic of Kazakhstan in the part of regulation of
online credit issues.....95
G.B. KYSSYKOVA Some problems of the tax legislation.....100
I.K. ELEUSSIZOVA Analysis of the regulatory framework of
electronic toll collection services: a case study of Croatia.....111
G.B. KYSSYKOVA, N.M. AKIMOVA Some issues of legal
monitoring of entrepreneurship code of the Republic of Kazakhstan.....118
R.B. BAIZAKOVA The analysis of the criminal legislation of the
Republic of Kazakhstan in the context of concealment regulation.....128

Lawmaking practice in the official language

B. SHOLAN, A.N. KADIROVA Modernization of society and the
language of legislation.....133

ZH.M. TURAROVA, T.S. KUDAIBERGENOVA Issues of using the legal terminology.....	139
---	-----

Young scholar tribune

R.K. KANATOV Analysis of problem aspects of practical application and prospects of the future contract on the market of derivative financial instruments of the Republic of Kazakhstan (Based on the Analytical Report of the Fundamental and Applied Research «Problems and Prospects of the Futures Contract in the Derivatives Market»).....	146
A. ARYSTAN Legal category of affiliation.....	155
K. SABIROV Value of conscientiousness of purchaser on protection of his interests in the transition of property cases	163

The Chronicle of Scientific Life

Information note about a business trip to Georgia, Tbilisi, October 1-4, 2017.....	174
Information note about the International scientific and practical conference on «Improving Civil Legislation of the Republic of Kazakhstan based on the implementation of the principles and provisions of English and European law» October 20, 2017, Astana	178
Information note about the webinar on the topic: «Criminal offense and pre-trial investigation: legal novels in action and a look into the future», October 25, 2017.....	181
Information note about the award of Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, Almaty, November 2, 2017.....	182
Information note about the working visit of the Institute's researchers to the United States of America, within the framework of the International Visitor Leadership Program on the topic «Basic Principles of the English Contract Law» organized by the S Department of State, from October 28 to November 8, 2017.....	185
Information note about scientific and practical conference «The role of legal research in enhancing the effectiveness of legislation», Astana, November 17, 2017.....	188
Information note about the joint XIII international scientific and practical conference «Modern Russian law: interaction of science, rule-making and practice» and XVII international scientific and practical conference «Kutafin Readings», November 21-23, 2017, Moscow.....	190

Personalities

70 years to Doctor of Juridical Science professor Marat A. Sarsenbayev.....	191
---	-----

Bibliography

REVIEW on the manual «Actual problems of criminal law». General Part / Ed. Doctor of Law, prof. L.V. Inogamova-Hegai. - Moscow: Prospekt, 2017. - 224 p.....	192
--	-----

Wise thoughts	194
----------------------------	-----



ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМА ТІЛІ

Бекен Ахметоллаұлы Шолан

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық
сараптама секторының аға ғылыми қызметкері,
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: sholan50@mail.ru

Әлия Назарғалиқызы Кадирова

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми
лингвистикалық сараптама секторының ғылыми қызметкері,
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: al.kadirova@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: заңнама тілінің жаңғыруы; термин аудармасының мәселелері; грамматикалық қажидалар; тұрақты пайдаланылатын тезаурус.

Аннотация. Мақалада «жаңғыру» деген терминге анықтама беріледі. Жаңғыру үрдісінің бір мемлекетке немесе бір салаға ғана емес, бүкіл ғаламшарға да қатысты екені, жаңғыру жоқ жерде дамудың да болмайтыны айтылады.

Авторлар мақаласында ғылыми прогрестің жылдам қарқынмен дамуына байланысты жаңадан пайда болған ұғымдар мен терминдер де барған сайын көбейе түсетіні заңды құбылыс екеніне тоқталады. Осыған орай нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тілде дайындаған кезде кездесетін кейбір қиындықтардың себеп-салдары зерделенген.

Жаңа терминдерді, сөз тіркестерін қазақ тіліндегі заңнамалық актілерге енгізуде бірыңғай көзқарастың қалыптаспағаны атап өтіледі. Сондықтан мәтінді қазақ тіліне аударғанда, ең алдымен, оның түпкі мағынасын ескеру ұсынылады. Кез келген аударманың мәтіні қолданылып жүрген терминдер шегінде түпмәтінге сәйкес келуге тиіс. Сөздер мен сөз тіркестерін аударған кезде әртүрлі мағына беретін және құқық қолдануда екіұдай түсінілуі ықтимал сөздерді қолдануға жол беруге болмайтыны айтылады. Бұл ретте әртүрлі салаларда қолданылып жүрген заңнамалық актілерде орын алған кемшіліктерге нақты мысалдар келтіріледі.

Заңнаманың белгілі бір саласындағы мәтіндердің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету барысында пайдалануға болатын бірыңғай сөздік аппаратының (тезаурусының) әлі де толық қалыптаспай отырғаны атап өтіледі.

Мақалада заң жобалары, сондай-ақ басқа да нормативтік актілер мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіруге ықпал ететін нақты ұсыныстар берілген.

Авторлар бағдарламалық құжаттарда қамтылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін барлық мүдделі тұлғалар алдында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілдегі заңнамасының сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін кең ауқымды әрі мәртебелі жұмыс күтіп тұрғанын еске салады.

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВА И ЯЗЫК ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Шолан Бекен Ахметоллаұлы

Старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы
проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики
Института законодательства Республики Казахстан,
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: sholan50@mail.ru

Кадирова Алия Назарғалиевна

Научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов
НПА и международных договоров Центра лингвистики
Института законодательства Республики Казахстан,
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: al.kadirova@adilet.gov.kz

Ключевые слова: модернизация языка законодательства; вопросы перевода терминов; правила грамматики; тезаурус постоянного пользования.

Аннотация. Статья раскрывает содержание понятия «модернизация» в контексте ее влияния на развитие языка законодательства. Модернизация, как процесс, сопровожда-

ет не только конкретные сферы деятельности или государства, но и в целом весь мир, а отсутствие модернизационных процессов не способствует развитию.

Статья содержит всесторонний анализ проблем, связанных с качеством текстов действующего законодательства на государственном языке. Изучен причинный фактор современных трудностей при разработке нормативных правовых актов на государственном языке, которые в широком смысле связываются с ускорением научного прогресса и стремительным возникновением новых терминов.

Отмечается отсутствие единого подхода при внедрении новых терминов в юридический казахский язык. Вследствие этого предлагается при решении вопроса о переводе того или иного термина на казахский язык учитывать, прежде всего, его смысловое значение. Указывается на недопустимость использования при переводе слов, имеющих множественный смысл и могущих создать двоякое толкование в правоприменении. Отмечено отсутствие сформировавшегося единого словарного аппарата (тезауруса), который мог бы использоваться в обеспечении аутентичности текстов в конкретной сфере законодательства. Непрерывное развитие любого языка требует его совершенствования во всех сферах, в том числе в сфере законодательства.

В статье содержатся конкретные предложения, которые будут способствовать дальнейшему совершенствованию работы по обеспечению аутентичности текстов законопроектов, а также других нормативных правовых актов.

Авторы отмечают, что для реализации заложенных в программных документах целей и задач предстоит масштабная работа всех заинтересованных сторон, которая позволит вывести на новый уровень качество законодательства на государственном языке.

MODERNIZATION OF SOCIETY AND THE LANGUAGE OF LEGISLATION

Sholan Beken

Senior researcher of the legal acts and international agreements
linguistic expertise sector in Linguistics Centre of the Institute of Legislation
of the Republic of Kazakhstan; Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: sholan50@mail.ru

Kadirova Aliya Nazargaliyevna

Researcher of the legal acts and international agreements linguistic
expertise sector in Linguistics Centre of the Institute of Legislation
of the Republic of Kazakhstan; Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: al.kadirova@adilet.gov.kz

Keywords: modernization of language of legislation; issues of terms' translation; grammatical rules; thesaurus of constant use.

Abstract. The article reveals the content of the concept of «modernization» in the context of its impact on the development of the language of legislation. Modernization as a process accompanies not only specific areas of activity or the state, but the whole world as a whole, and the lack of modernization processes does not contribute to the development.

The article contains a comprehensive analysis of the problems related to the quality of the texts of the current legislation in the state language. The causal factor of modern difficulties in the development of normative legal acts in the state language has been studied, which in a broad sense is associated with the acceleration of scientific progress and the rapid emergence of new terms.

There is a lack of a unified approach when introducing new terms into the legal Kazakh language. As a consequence, it is suggested to take into account semantic value of the words when considering the question of transferring a term to the Kazakh language. The existing shortcomings are demonstrated on specific examples in the form of norms of various branches of legislation. The absence of a formed single dictionary apparatus (thesaurus) was noted, which could be used to ensure the authenticity of texts in a specific area of legislation. Continuous development of any language requires its improvement in all areas, including legislation. In the conditions of rapid scientific progress, accompanied by dozens of different discoveries, the effective use of the time factor becomes key.

The article contains specific proposals that will further improve the work on ensuring the authenticity of the texts of draft laws, as well as other normative legal acts.

The author notes that to implement the goals and objectives set forth in the program documents, there is a large-scale work of all interested parties, which will allow to bring the quality of legislation in the state language to a new level.

Кез келген жаңғырудың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Оның қамтитын ауқымы кең әрі нысаны да алуан түрлі. Жалпы адамзаттың эволюциялық дамуында да, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде де жаңғыру үрдісі қатар жүретіні ғылыми дәлелденген қағида. Бүкіл ғаламшарды былай қойғанда, өзіміздің шағын ғана жер планетасы ғасырлар бойы жаңғыруды бастан кешіп келеді. Жаңғыру жоқ жерде даму тежеліп, тоқырау басталады, ал оның салдарын еңсеру қашанда оңайға түспеген.

Бұл ретте барлық мемлекет ортақ пайдалана алатын үлгілік ереже жоқ екен. Өйткені әр елдің өзіндік тарихы, саяси құрылымы және өзіне тән даму жолы болады. Мемлекеттер жаңғыруының кейбір сатылары бір-біріне ұқсас болып келгенімен, олар белгілі бір елдің тарихи, рухани, саяси және т.б. жағдайларына байланысты өзіне ғана тән қасиеттерімен ерекшеленеді.

Жаңғырудың басты ерекшелігі - уақытқа тәуелділігінде. Әлемдегі барлық ірілі-ұсақты құбылыстар уақыт талабынан туындап жатады. Уақыт талабына ілесе алмай, іргесі шайқалған елдер де, тіпті формация да болғаны тарихтан белгілі. Ал даму сатыларын бастан кешіп келе жатқан жас мемлекет – Қазақстан Республикасы дәл осы уақыт талабына талабына сай іс-қимыл жасап, әр сала бойынша аса қажетті заңнамалық актілерді дер кезінде қабылдап отырды.

Бұл орайда, Президенттің жыл сайынғы халыққа жолдаулары, солардан туындайтын жоспарлар мен бағдарламалар елдің өркендеуіне ықпал етіп, өз кезегінде ойдағыдай іске асырылып та жатыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген мақаласындағы: «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.» [1] - деген ойы елдің рухани дамуы мен жаңғыруына, осы жолдағы азаматтардың патриоттық сезіміне бағдар беріп тұр. «Мәңгілік ел» идеясын орнықтыру жолындағы келелі іс-қимылға да осы айтылған пікірді өзек етіп алуға болады. Жаңғыру қоғам өмірінің барлық саласын қамтуда. Өйткені, халықтың санасы жаңғырмайынша, елдің де бүкіл болмысын эволюциялық тұрғыдан өзгерту мүмкін болмайтыны сан ғасырдан бері дәлелденіп келеді.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма жылда қол жеткізген жетістіктер мен

түбірлі өзгерістер ел өмірінің барлық саласын қамтыған жаңғырулар арқылы жүзеге асып отыр. Солардың ішінде мәдени, рухани жаңғырудың қоғамның кез келген мүшесіне қатысы бар. Бұл ғылыми талдауды қажет ететін өте күрделі сала. Біз бұл мақалада тек қана заңнама тіліне, дәлірек айтқанда, аударма тілінің жаңғыруына қатысты болып жатқан кейбір өзгерістерге, қабылданған заңдарда кездесетін сөз тіркестері мен терминдердің қалыптасу жағдайына нақты мысалдар арқылы қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Биліктің үш тармағы (заң шығарушы, атқарушы, сот билігі) бірдей еліміздің халықаралық беделін, жаһандық мәртебесін арттырып, нарықтық экономиканы дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру жолында күш-жігерін жұмылдырып келеді. Осының нәтижесінде Конституция, бірнеше конституциялық заңдар, мыңдаған салалық заңдар мен заңнамалық актілер, заңнан туындайтын актілер қабылданды.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 2014-2017 жылдар аралығында оқуәдістемелік құралдар, әлем әдебиеті классиктерінің шығармалары, танымдық, ғылыми-публицистикалық, балаларға арналған кітаптар және басқаларды қосқанда, барлығы шамамен 88 баспа жобасы жарық көрді. Көптеген орысша-қазақша сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар шығарылды. Жалпы заңнама тіліне, аудармаға байланысты әртүрлі ресми, бейресми жиындар, конференциялар, кенестер жиі өткізілуде. Бұл басқосулардың нәтижесі де жоқ емес.

Алайда, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндеріндегі кемшіліктен әлі күнге дейін толық арыла алмай келеміз. Мұның негізгі себебі жүйелі әрі тұрақты сөзжасамға, сөздіктердің сапасына келіп тіреледі. Заң жобаларының мәтіндерін ғылыми тұрғыдан саралау арқылы әрбір сөзді норма аясында талдап, тұрақты терминологияны қалыптастыру оңай іс емес екені белгілі.

Әрбір сала бойынша қолданыстағы заңдарымызды іргелі түрде түпкілікті зерделеу арқылы тұрақты пайдалануға ыңғайлы тезаурусты құрастыру қажет. С.И. Ожеговтің «Словарь русского языка» [2] деген сөздігінде тезаурусқа «қандай да бір арнайы саланың терминдері мен ұғымдарын толық қамтитын сөздік немесе деректер жинағы» деген анықтама берілген. Ондағы ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заңдардың аудармасында жекелеген сөздер мен тіркестерді

қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің тұрақты тезаурусын қалыптастыру, сөйтіп терминдердің теңтүпнұсқалығын сақтау арқылы заң мәтіндерінің аударылу сапасын жақсарту жолында айтарлықтай жұмыс атқарылып жатқанын жоққа шығаруға болмас.

Мәселен, соңғы жылдары негізгі төрт кодекс (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі) қайта дайындалып, 2015 жылдан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы кодекстерде бұрын дау тудырып келген, заң актілері мәтіндерінің аудармасында түрліше жазылып кеткен, жазылуы ұқсас болғанымен, мағынасы әртүрлі терминдердің нақты аудармасы ұсынылған. Мысалы: «осмотр» - «қарап-тексеру», «до-смотр» - «жете тексеру», «обследования» - «тексеріп-қарау», «расследования» - «тергеп-тексеру» деп әрқайсысының аражігі ажыратылып берілген. Бұрын бұлардың бәрі «тексеру», «тергеу» деп аударылып келген еді. Сол сияқты заң актілерінде жиі кездесетін мынадай сөздердің: «слияние» - «қосылу»; «присоединение» - «бірігу»; «выделение» - «бөлініп шығу»; «преобразование» - «қайта құрылу»; «оригинал» - «түпнұсқа»; «подлинник» - «төлнұсқа»; «дубликат» - «телнұсқа»; «аутентичность» - «теңтүпнұсқалық» деген нақты мағыналары аталған кодекстерде бірізге түсірілген. Осыған қарамастан, көптеген заң актілерінде көптеген терминдер дұрыс қолданылмай, әртүрлі алынып жүр.

Кейбір мағыналары ұқсас (туыстас) терминдерді аударғанда мұқият болу керек. Кейде осы тұрғыдан ағаттықтарға жол беріліп, қате алынған бір ғана сөз тұтастай заң нормасына кері әсер етеді.

Мысалы, «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының¹ мәтінінде «осмотр» термині екі түрлі аударылған: 8-баптың 1-тармақшасында және 13-баптың 5-тармағында – «қарап-тексеру», ал 9-баптың 3) тармақшасында «тексеру» болып жүр. Осы құжатта «тексеру» деген сөздің орысша баламасы «проверка» екені

ескерілмеген.

Алуан түрлі салалар бойынша ұсынылатын заң жобаларын аударған кезде тиісті мамандардың, білікті аудармашылардың сараптамасынан өтіп, соңғы жылдары қабылданған кодекстерді басшылыққа алғаны жөн деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет...

...Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үлесімізбен толығымен түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз.» [3] - деген еді.

Шетел тілінен енген көптеген экономикалық терминдер көбінесе сол қалпында алынады, себебі оларды қисынсыз икемдеп, қандай да бір жасанды баламасын қолдану арқылы сөзжасам жасау жаңсақтыққа әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан да, шетел тілінің транскрипциясымен берілген әрбір терминді аудармашы мамандардың қатысуымен жан-жақты сараптап, ойластырып барып қолданысқа енгізу қажет. Ал енді шетелдің кейбір сөздерінің мағынасын дәл беретін баламасы табылып жатса, оны дұрыс қабылдап, тілімізді байыта түсуге болады ғой. Ондай сәтімен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері аз емес (мысалы: «глобализация – жаһандану», «стаж – өтіл», «резюме – түйіндеме», «реквизит – деректеме» және т.б.), олар қазір сөздік қорымызға кірігіп, кеңінен пайдаланылуда.

Қазіргі нарық заманында жаңадан пайда болған сөз тіркестері өте көп. Солардың кейбіреуін мағынасына қарай өз тілімізде қалыптасқан баламасымен алуға болады деп ойлаймыз. Мысалы «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының² 3-бабының 18) тармақшасындағы «аффилированное лицо» деген тіркесті (осы Заңда «аффилирленген тұлға» деп аударылыпты) «үлестес тұлға» деп алсақ қателеспейміз. Жоғарыда аталған бапта мәселе кәсіпкерлік қызметке өзінің пайыздық үлесімен қатысатын тұлға жайлы болып отыр. Орыс-

¹ «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ.

² «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ.

ша мағынасы да осыны білдіреді.

Ал кейде бір ғана әріптің түсіп қалуы салдарынан терминнің мағынасы мүлдем өзгеріп кетеді. Айталық, «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының³ 13-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы мен 16-бабының 1) тармақшасындағы «спот-товар» деген қос сөз «спорт-тауар» деп қате алынған. Бұл арадағы «спот» сөзі - спортқа мүлдем қатысы жоқ экономикалық термин, яғни, олимпіке бойынша дереу төлем жүргізу (әдетте, екі күн ішінде) кезіндегі есеп айырысу шарттарын білдіреді.

Бұл ретте, тоқсаныншы жылдардың ішінде қабылданған заңдардың мәтінінде бір терминнің екі немесе үш түрлі баламамен берілуі кездесіп қалатыны неліктен деген сұрақ туындауы мүмкін. Осыған байланысты мынаны ескерте кеткен жөн. Айталық, аталмыш заңдар қабылданғаннан бері оларға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы уақыт аралығында кейбір сөздер мен сөз тіркестері өзгеріске ұшырап, көптеген терминдердің жаңа баламалары айналымға енгізілді. Заңдардың бүкіл мәтінін бір мезгілде бір ізге салу мүмкін болмағандықтан, ескі терминдер сол қалпында қалды. Оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде осы жағдай ескеріліп, терминдер бірте-бірте бір ізге түсіріліп келеді.

Заң мәтіндерін мемлекеттік тілге аударған кезде қазақ тілінің заңдылығын қатаң сақтап, сөздердің барынша нақты қолданылуын қадағалау үшін «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін басшылыққа алған жөн деп есептейміз.

Академик Ө. Айтбаев қазақ тілінің терминологиясын қалыптастырудың тиімді жолдарын ұсына отырып, «терминдердің басты белгілері – дәлдік, қысқалық, жүйелілік» [4] деген тұжырымға келеді. Бұл пікірдің заң актілерін аудару барысында заң терминдерін қалыптастыруға да тікелей қатысы бар.

Заң мәтінінде грамматикалық, стильдік олқылықтарға, тіпті емле қателеріне де жол беруге болмайды. Яғни, заң мәтіндерінде «ұсақ-түйек қате» деген ұғымға орын болмауға тиіс. Кейде бір тыныс белгісінің өз орнына дұрыс қойылмауы, артық қойылуы немесе түсіп қалуы құқықтық норманың мағынасын мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін. Қазақ тіліндегі кейбір заңдардың мәтінінде осындай олқылықтар кездесіп қалады..

Заң тілінің грамматикасына байланысты бір мысал. Орыс тілінде көптеген терминдер, жекелеген сөздер мен сөз тіркестері көптік жалғауымен жазылады. Оларды аударған кезде қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін берік ұстанған жөн. Айталық, «науки - ғылым», «знания - білім», «правонарушений - құқық бұзушылық», «в целях - мақсатында», «в случаях - жағдайда», «на основании - негізде» деп аударылуға тиіс. Бұл сөздер жиынтық ұғымды білдіретіндіктен, қазақ тілінде жекеше түрде жазылады. Бұған нақты мысал ретінде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің атауын (ал орысша атауы – «Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях») келтіре кетуге болады. Осындағы «об административных правонарушениях» деген сөз тіркесі «әкімшілік құқық бұзушылық туралы» деп алынған, ал бұл сөз көптеген заң актілерінде «бұзушылықтар» деп көпше түрде беріліп жүр, мұның өзі айтуға ауыр әрі қолдану кезінде оралымсыз болып шығады. Осы анықтауыш сөзді кейде түпмәтінге қарай көпше түрде алуға да тура келеді (әсіресе, құқық бұзушылықтарды түрге, санатқа жіктеген кезде)⁴.

Сол сияқты алдындағы анықтауышы сан есім болатын зат есімдер де («жеті күн», «бірнеше кәсіпкер», «көптеген жеңілдік», «алты заң» және т.б.) жекеше тұлғада берілуге тиіс. Мәселен, орыс тіліндегі халықаралық шарттарда, келісімдерде, хаттамаларда, меморандумдарда көптеген сөздер (әсіресе - қатардағы зат есімдер) бас әріппен беріліп жүр (мысалы, «Сторона», «Статья», «Глава», «Интернет», «Проект», «Программа», «Член» және т.б.). «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес заң актісінің екі тілдегі мәтіні теңтүпнұсқалы болуға тиіс деген қағиданы ұстанған аудармашы-мамандар осы сияқты атауларды мемлекеттік тілде де бас әріппен жазып жібереді. Мұның өзі қазақ тілі нормасы ережелерінің сақталмауына әкеп соғады.

Ал қазақ тілінің грамматикасы бойынша кез келген зат есім бас әріппен жазыла бермейді, бұл жөнінде арнайы ереже бар. Осы ереже бойынша жалқы есімдер: географиялық атаулар, адамдардың аты-жөні, саяси мәні бар лауазымдар мен кейбір маңызды құжаттардың атаулары ғана бас әріппен жазылады (мысалы, «Қазақстан Республикасы», «Алатау», «Ертіс», «Алма-

³ «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңы // «Әділет» АҚЖ.

⁴ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (05. 07. 2014 ж.) // «Әділет» АҚЖ.

ты», «Абай», «Президент», «Парламент», «Мәжіліс Төрағасы», «Кодекс», «Заң», «Шарт», «Келісім», «Хаттама», «Меморандум» және т.б.).

Басқа тілден аударылған Заңның қазақша мәтіні тіл заңдылығына бағынып, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, стилистикалық нормаларға негізделгенде ғана жатық әрі түсінікті болмақ.

Жоғарыда айтылған жағдайлардың өзіндік объективті себептері де жоқ емес. Дегенмен де, заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлейтін уақытты жақындату үшін әлі де көп жұмыс атқаруға тура келеді. Тиісті заң шығарушы органдар бұған жан-жақты дайындық жасапжатыр. Оның кейбіреуін жоғарыда атап айттық. Ауқымды бағдарламалар аясында әртүрлі іс-шаралар жүргізілуде.

Мемлекеттік тілдің негізгі салаларының бірі – заң тілі екені дау тудырмайды. Ал,

болашақта заң жобаларына қазақ тілінде бастамашылық жасап, күнделікті өмірімізге енгізіп отыру – егемен еліміздің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. Өйткені, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі.» [3].

Бүгінгі таңда рухани жаңғыруға қатысты тәуелсіз елімізде салиқалы әрі сындарлы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ол ел өмірінің барлық саласын қамтуда. Заң шығармашылық саласы, оның ішінде заң тіліне байланысты мәселе де осындай жаңғырудан тыс қалмайды. Өйткені, кез келген жаңғыру еліміздің әлемдегі алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына қосылып, жас мемлекетіміздің мәртебесін арттыруға қомақты үлес қосатыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», мақала // [http //www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/).
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка, 1982 г.
3. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [http //www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)
4. Өмірзақ Айтбайұлы. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. - Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 16-б.

REFERENCES

1. N.A. Nazarbayev. «Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru», makala // [http //www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/).
2. Ozhegov S.I. Slovar' russkogo yazyka, 1982 g.
3. Қазақстан Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.Ә. Nazarbaevtyñ 2012 zhyldyn 14 zheltoksanyn dazy «Қазақстан-2050» Strategijasy qalyptasqan memlekettin zhaña sajası baғыty» atty Қазақстан halkyna Zholdaуy // [http //www.akorda.kz/](http://www.akorda.kz/)
4. Omirzak Aytbayuly, Kazak til biliminin terminologiyasy maseleleri. - Almaty, «Abzal-Ay» baspasy, 2013 zh. - 16-het.

